

«Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ



«БЕКІТІЛДІ»

Ғылыми кеңес шешімімен
№1 хаттама, «27» тамыз 2024 жыл

Академиялық кеңесінің ережелері

Арқалық, 2024

1.Жалпы ережелер

Академиялық кеңес алқалы консультативтік-ұсынымдық басқару органы, институт қызметінің академиялық және білім беру мәселелерін талқылау және академиялық әзірлемелерді ұйымдастыру орталығы болып табылады.

Академиялық кеңес жоғары және кәсіптік білім беру сапасын басқарудың бағыттары мен тетіктерін айқындау мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, құрылымдық бөлімшелерге сапа менеджменті қағидаттарын енгізуге, оқу процесін ұйымдастыру мен басқарудың жаңа технологияларын оқу процесіне енгізуге көмек көрсетеді.

Академиялық кеңестің ұсынымдары, қажет болған жағдайда, бекіту үшін Ғылыми кеңестің мәжілістеріне шығарылады.

2.Академиялық кеңестің негізгі міндеттері

Институттың Академиялық кеңесінің негізгі міндеттері:

1. Білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз ету саласында білім беру бағдарламаларының қызметін ұйымдастыру.
2. Оқу-әдістемелік және академиялық әдебиеттерін, оқу құралдарын және басқа оқу-әдістемелік материалдарды басып шығару бойынша сараптаманы және ұсыныстарды жоспарлау, ұйымдастыру.
3. Институттағы оқу үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру.
4. Білім беру сапасын басқару мен бақылауды ұйымдастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін оқу үдерісін интенсификациялау үшін жаңа технологияларды енгізу бойынша ұсыныстарды талқылау және әзірлеу.
5. Оқу-әдістемелік және академиялық жұмысын ұйымдастыру мен жетілдірудің озық тәжірибесін жалпылау және тарату.
6. Институттың әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануы үшін жағдай жасауға бағытталған академиялық зерттеулер жүргізілуі тиіс жоғары кәсіптік білім беру сапасын басқару саласындағы қызметтің басым бағыттарын анықтау.
7. Білім сапасын басқару саласында факультеттердің және білім беру бағдарламаларының оқу жұмысын үйлестіру.
8. Оқу үдерісін жетілдіру және интенсификациялаудың басым бағыттары бойынша академиялық әзірлемелерді талдау және синтездеу.
9. Институттың профессорлық-оқытушылық құрамының академиялық әлеуетін арттыру бойынша жұмысты үйлестіру.
10. Факультеттердің, білім беру бағдарламаларының және институттың басқа бөлімдерінің білім сапасын басқару мәселелері бойынша озық тәжірибелерді жалпылау.
11. Институттың профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми-педагогикалық әлеуетін арттыру бойынша конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу.
12. Институттағы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларын талқылау және жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

3. Академиялық кеңес функциялары

Институттың Академиялық кеңес қызметінің басты бағыттары:

1. мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын ескере отырып, институттың білім беру бағдарламалары мен курстардың оқу жоспарларына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;
2. монографиялар, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді жазу, оның ішінде электронды тасымалдағышта әзірлеу жұмыстарын үйлестіру;
3. институттың оқу қызметінде пайдалану мақсатында оқу үдерісінің, білім беру қызметтерінің және академиялық зерттеулердің нәтижелерінің сапасын үздіксіз жақсарту мәселелерін шешуге байланысты мәселелерді қарастыру;
4. мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды талдау және оқу-әдістемелік жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар беру;
5. қажет болған жағдайда оқу-әдістемелік құжаттаманы сараптау нәтижелерін қарау және ұсынылған құжаттар жобалары бойынша қорытынды беру;
6. білім беру үдерісіне жаңа технологияларды, оқытудың интерактивті әдістерін және студенттердің білім сапасын бақылауды енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
7. академиялық зерттеулердің нәтижелерін талдау және синтездеу, кездесулер, дөңгелек үстелдер және т.б. ұйымдастыру арқылы барлық құрылымдық бөлімшелерге әдістемелік көмек көрсету;
8. оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын енгізу және педагогикалық ұжымға практикалық көмек көрсету мәселелерін қарастыру;
9. біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру;
10. әдістемелік әзірлемелердің нәтижелерін оқу процесіне енгізу бойынша ұсыныстар дайындау;
11. ғылым және білім берудің басым бағыттарын болжау негізінде білім беру бағдарламаларының тізбесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау;
12. оқу, әдістемелік және оқу жұмысын ұйымдастыру мен жетілдірудің озық тәжірибесін жалпылау және тарату;
13. білім беру сапасын басқару мен бақылауды ұйымдастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін оқу үдерісін интенсификациялаудың жаңа технологияларын енгізу бойынша ұсыныстарды талқылау және әзірлеу;
14. мамандарды даярлауда стратегиялық жоспарларының іске асырылуын қамтамасыз ететін нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеу, талқылау және қабылдауға ұсынымдар беру.

4. Академиялық кеңес құқықтары

Академиялық кеңес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1. факультеттерден, білім беру бағдарламаларынан, әдістемелік бюролардан, кафедралардан және институттың басқа құрылымдық бөлімшелерінен білім сапасын басқару мәселелері бойынша сұраныстар, қажетті ақпараттар алу үшін есептерді алу;
2. оқу үдерісін академиялық қамтамасыз ету мәселелері бойынша сарапшы және жұмыс топтары мен комиссиялар құру.

5. Академиялық кеңесті сайлау және жұмыс тәртібі

Академиялық кеңес Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен құрылады және таратылады.

Академиялық кеңес құрамына Басқарма мүшесі-Проректор, жеке құрылымдық бөлімшелердің басшылары, факультет декандары, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрағалары, бакалавриат студенттерінің белсенділері кіреді. Академиялық кеңестің дербес құрамы ағымдағы оқу жылына Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Академиялық кеңесті институттың Басқарма мүшесі-Проректор басқарады.

Академиялық кеңестің отырыстарына дайындықты және ол қабылдаған шешімдерді мүдделі құрылымдық бөлімшелердің назарына жеткізуді академиялық бағдарламалары және әдістемелік жұмыс офисінің жетекшісі жүзеге асырады. Академиялық кеңес құрамына өзгерістер мен толықтырулар институт Басқарма Төрағасының- Ректорының бұйрығымен енгізіледі және бекітіледі.

Академиялық кеңес жұмысы Ғылыми кеңесте бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Академиялық кеңестің мәжілістері ай сайын өткізіледі, хаттамамен рәсімделеді.

Академиялық кеңестің шешімдері кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігінің қатысуымен көпшілік дауыспен қабылданады.

Кеңестің әрбір мүшесі барлық отырыстарға қатысуға, оның жұмысына белсене қатысуға, өзіне жүктелген тапсырмаларды жедел және дәл орындауға міндетті.

Танысу парағы

[illegible]